Жылу энергиямен жабдықтау қызметтерін көрсетуге

№ 4284 шарт

Павлодар қ. **2025 ж. «01» қаңтар**

«Павлодарэнергосбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2011 жылғы 28.10-дағы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы №17328-1945-ЖШС куәлік, 2024 ж. 25.11-дағы №Д-64 Сенімхат негізінде әрекет ететін өткізім бойынша бас директордың орынбасары Б.М. Альханов тұлғасында бір тараптан, бұдан әрі Жеткізуші деп аталатын және қызметтерді пайдаланатын **Павлодар обысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 111 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,** Жарғы/Ереже негізінде әрекет ететін басшы Н.К. Крухмалева тұлғасында келесі тараптан, бұдан әрі Тұтынушы ал бірге Тараптар деп аталатын, осы шартты (бұдан әрі - Шарт) төмендегілер туралы жасасты.

1-бөлім. Шартта пайдаланылған негізгі түсініктер

1. Шартта төмендегідей негізгі түсініктер пайдаланылған:

есеп айырысу кезеңі – тұтынылған жылу энергиясы есептелінетін және Тұтынушыға ақысын төлеу үшін ұсынылатын жылумен жабдықтау шартымен анықталған уақыт кезеңі (күнтізбелік ай);

жылу энергиясы үшін есеп айырысу – Жеткізуші ұсынған төлем құжаты негізінде есеп айырысу кезеңі аяқталған соң Тұтынушының тұтынылған жылу энергиясы үшін жасаған төлемі;

жылумен жабдықтау жүйесі - жылу өндіретін, жылыту беретін мен жылу тұтынатын қондырғыларынан тұратын кешен;

жылу тұтыну қондырғысы - жылу энергиясын, жылу тасымалдағышты жылу энергиясы Тұтынушыларының қажеттіліктеріне пайдалануға арналған құрылғы;

жылу желісі - жылу энергиясын беру, таратуға арналған құрылғылардың жиынтығы;

жылу тасымалдағыш – жылу энергиясын беру үшін жылумен жабдықтау жүйесінде пайдаланатын зат (су, бу);

жылу энергиясы – жылу тасымалдағышпен тұтыну кезінде оның термодинамикалық параметрлері (температура, қысым) өзгеретін жылу тасымалдағышпен берілетін энергия;

өлшеу құралдарын тексеру – бекітілген техникалық және метрологиялық талаптарға өлшегіш құралдың сәйкестігін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар жүзеге асыратын операциялар жиынтығы;

жеткізуші – Тұтынушыларға сатып алынған жылу энергиясын сатуды жүзеге асыратын ұйым.

Ресурс: Электронды қатынас алынған жылу энергиясын сатуды жүзеге асыратын ұйым. Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – жылу пайдалану құрылғылары және/немесе желілердің теңгерімдік тиесілігі немесе тараптардың келісімі бойынша анықталатын тараптардың жылу пайдалану құрылғылары мен/немесе желілерін бөлу нүктесі (сызығы), басқару түйіні кіріс ысырмаларының бірінші бөлу ернемегі бойынша (Элеватор) анықталатын көп пәтерлі тұрғын үйлердегі тұтынушы мен энергия беруші немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымының арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы;

теңгерімдік тиесілік шекарасы – энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен Тұтынушы, сонымен қатар Тұтынушы мен қосалқы тұтынушы арасындағы жылу энергиясының теңгерімдік тиесілігі бойынша анықталатын жылу желілерін бөлу нүктесі;

төлем құжаты – тұтынылған жылу энергиясы үшін Тұтынушы төлемақы жүргізетін есептеу құралдарының нақты көрсеткіштерінің негізінде, ал олар болмағанда немесе уақытша бұзылғанда, есеп айырысу жолымен есептелініп берілген Жеткізушінің құжаты (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту-шот);

тұтынушы – реттелетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалануға ниет білдірген жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті органның ведомствосы - Тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган ведомствосы.

2-бөлім. Шарттың мәні

2. Шартқа дейін міндетті түрде орындалуы тиіс талаптар:

1) тараптардың пайдалану жауапкершілігі мен жылу желілерінің теңгерімдік тиесілігін бөлу актісі;

2) жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу туралы құжат немесе жылумен жабдықтау объектісіне арналған құқық белгілейтін құжатының көшірмесі;

3) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның жылу желілеріне нысандардың қосылуына арналған техникалық талаптар (ЖЭПЕ-нің 5, 8 тармақтарына сәйкес жылумен жабдықтаудың сыртқы схемасын өзгерткен, бұрын қосылмаған нысанды жылу желілеріне қосқан, және олар қолданыстағы техникалық талаптарға сай келмеген, сондай-ақ тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін (немесе жылу тасығыштардың параметрлерін) өзгерткен жағдайда жаңадан қосылатын нысандар үшін);

4) жеке тұлғаны куәландыру құжатының көшірмесі мен дербес деректерді жинау және өңдеуге жазбаша келісім (ЖК, ЖТ);

5) жеке кәсіпкер куәлігінің көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі;

6) жылумен жабдықтау шартына қол қою құқығы бар тұлғаға бұйрық (сенімхат) пен жеке тұлғаны куәландыру құжаты;

7) жылумен жабдықтау жүйелерінің техникалық дайындау актісі;

8) жылу жүктемесін есептеу (жылу энергиясын сағатына максималды босату, жылу энергиясының есептік мөлшері - №1Ж қосымша) және өзге де құжаттар.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Қажет болған жағдайда Шартқа дейінгі міндетті талаптар Шартқа арналған жеке қосымшамен ресімделеді.

3. Жеткізуші Тұтынушыға жылу энергиясын энергия беруші ұйымның қосылған желісі арқылы беруге міндеттенеді.

Сондағы Тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы) тараптардың теңгерімдік тиесілігі шекарасында орнатылған коммерциялық есептеу құралдарының көрсеткіштері бойынша анықталады да, мемлекеттік стандарттарда немесе энергетика саласындағы өзге де нормативтік-техникалық құжаттамада, сондай-ақ Жеткізушімен құрастырылған және жергілікті билік органдарымен келісілген температура кестесінде белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Жеткізуші Тұтынушыны Шартқа сәйкес жылу энергиясымен қамтамасыз етуге міндетті.

3-бөлім. Қызметтерді ұсыну талаптары

4. Жеткізуші жылуэнергиясын босатуды үздіксіз жүргізеді, егер де басқасы тараптардың келісімімен көрсетілмесе.
5. Тұтынушының жүктемені және тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін шартта көрсетілген көлемнен артық, бірақ алынған техникалық талаптарда тіркелген және тапсырыс берілген жобалық мөлшерден аспайтын көлемде Тұтынушының өтінімі бойынша Жеткізушінің рұқсатымен ұлғайтуына болады, бұл жағдайда Шартқа тиісті өзгертулер енгізіледі.
6. Тұтынушы Жеткізушіге жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтерінің ақысын Шартпен белгіленген талаптар бойынша төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну тәртібін және осы Шартпен көзделген басқа да шарттарды сақтауға міндеттенеді.
7. Жеткізуші Тұтынушыға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №211 бұйрығымен бекітілген Жылу энергиясын пайдалану ережелерімен (Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10234 тіркелген) және осы Шартпен көзделген жағдайларда жылу энергиясын беруді тоқтатуға немесе шектеуге құқылы, оның ішінде:

1) мемлекеттік органмен мемлекеттік энергетикалық бақылау бойынша куәландырылған жылу тұтынатын құрылғылардың қанағатсыз жағдайы апат қаупін немесе азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп төндірген жағдайларда Тұтынушыға міндетті түрде хабарлап, одан әрі жеткізілмеген жылу энергиясы үшін қайта есептеу жүргізуге;

2) Жеткізуші мен Мемлекеттік энергияны бақылау органы өкілдеріне жылу энергиясы есептеу құрылғыларының және (немесе) жылу энергиясын есептеу құралдарының техникалық жағдайы мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін кіруге рұқсат бермеген жағдайда Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын алдын ала ескертуге;

3) осы Шарттың 8-тармағымен қарастырылған жағдайларда Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын алдын ала ескертуге;

4) жылу тұтыну құрылғыларының жүйелері есептеу құралдары орналасқан жерге дейін қосылған жағдайда;

5) жаңа қуаттарды жылу желісіне өздігімен қосқан жағдайда;

6) тараптар арасында жасалған шарт талаптарына сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақысын төлемеген жағдайда;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

7) жылу желілері мен жылу тұтыну құрылғылары күз-қыс кезеңінде жұмыс істеуі үшін жылу желісіне техникалық дайындық актісіз қосылған және Тұтынушының тиісті дайын персоналы болмаған және жылу тұтыну құрылғыларының сенімді және қауіпсіз жұмысы үшін жауапты адам тағайындалмаған немесе осындай қызмет түріне рұқсаты бар мамандандырылған ұйыммен (тұрмыстық тұтынушылардан басқа) қызмет көрсету үшін шарт жасалынбаған жағдайда;

8) Шартпен көзделген конденсаттың 30% аз емес көлемін қайтарған жағдайда, егер де басқасы тараптардың келісімімен қарастырылмаған болса;

9) аппаттық жағдайларда. Жеткізуші жылу энергиясын жеткізуді шектеуді немесе тоқтатуды Тұтынушыны алдын ала ескерту арқылы төмендегі жағдайдайларда жүргізіледі: осы тармақтың 4), 5) және 9) тармақшаларымен көзделген – дереу; осы тармақтың 1), 2), 6), 7), 8) тармақшаларымен көзделген – энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушыға (хабарлама жолдау арқылы) жазбаша хабарлама берген соң немесе тұрмыстық емес қажеттіліктерге жылу энергиясын пайдаланатын тұтынушыларға хабарламаны тұтынушының электрондық поштасы, факсына жылу энергиясын тоқтатуға немесе оның берілімін шектеуге дейін кем дегенде үш тәулік бұрын жолдау жолымен, егер де басқасы шартпен көзделмеген болса. Сондағы Тұтынушыға жазбаша түрдегі ескерту қол қою арқылы тапсырылады немесе Тұтынушыға тапсырыс хатпен жолданады, ал осы тармақтың 1) тармақшасымен көзделген жағдайларда телефонограммамен хабардар етіледі.

Тұтынушы шарт жасасу кезінде немесе кейіннен электрондық пошта мекенжайын ұсынған жағдайда ескерту тұтынушының электрондық пошта мекенжайына жолданады.

Осы тармақтың 1), 3) 4), 7) тармақшаларымен көзделген жағдайларда жылу энергиясын беруді тоқтату немесе шектеу туралы көп пәтерлі тұрғын үйлерде тұратын Тұтынушыларды ескерту кондоминиум нысанын басқару органы уәкілетті тұлғасының атына хат, телефонограмма жіберу арқылы жүзеге асырылады.

8. Құрал-жабдықтарды жөндеу бойынша жоспарланған жұмыстарды жүргізу мен (немесе) жаңа тұтынушыларды қосу қажет болған және резервтік қуаттандыру болмаған жағдайда Тұтынушыны ажырату тәртібі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №211 бұйрығымен бекітілген Жылу энергиясын пайдалану ережелеріне (Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10234 тіркелген) сәйкес қарастырылады.

4-бөлім. Жылу энергиясын есептеу

9. Тұтынушының жылу тұтыну құрылғылары жылу энергиясы үшін есеп айырысуды жүргізу үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етіледі. Тұтынушы есептеу құралдарын өзі сатып алып орнатуға құқылы. Егер есептеу құралдарын Жеткізуші сатып алып орнататын болса, Тұтынушы онымен Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіп бойынша жылу энергиясын есептеу құралын сатып алу және орнатуға арналған тиісті шарт жасасады. Жылу энергиясын есептеуді ұйымдастыру, жылу тасығыштың жылу энергиясын есептеу түйіндерінің техникалық жағдайы нормативті-техникалық құжаттамалардың талаптарына сай болуы тиіс.
10. Жылу энергиясын есептеу үшін Өлшем бірліктерінің біркелкі болуын қамтамасыз ету мемлекеттік тізіліміне енгізілген түріне жататын есептеу құралдары пайдаланылуы тиіс. Бұл үшін алғашқы рет немесе мерзімді түрде тексеріп тұруға құқылы ұйымның таңбасы болуы тиіс. Энергия беруші (энергиямен жабдықтаушы) ұйымның өкілдері есептеу

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

құралдарының көрсеткіштерін жазып алуды Тұтынушының не болмаса оның өкілінің қатысуымен, ал көрсеткіштерді сырттай жазып алу мүмкіндігі бар есептеу құралы орнатылған жағдайда Тұтынушының қатысуынсыз жүргізеді.

Сондағы Тұтынушының кінәсі бойынша есептеу құралдарының көрсеткіштерін жазып алу мүмкін болмаған жағдайда, оның үстіне тұтынушы жұмсаған жылу энергиясының мөлшері туралы мәліметті энергия беруші ұйымға өздігімен ұсынбаған болса, энергиямен жабдықтаушы ұйым көрсетілген кезең үшін есеп айырысуды өткен жылдың осы кезеңінде Тұтынушының жылу энергиясын жұмсаған орташа тәуліктік шығыны бойынша - кейін нақты тұтынуға сай - қайта есептеу жүргізуге құқылы. Тұтынушының кінәсі бойынша есептеу құралдарының көрсеткіштерін жазып алу мүмкін еместігі Жеткізушінің журналына енгізілетін тиісті жазбамен расталады.

11. Энергия беруші ұйым немесе бұндай қызмет түрін жүргізуге рұқсаты бар өзге мамандандырылған ұйымдар есептеу құралдарына техникалық қызмет көрсетуді, мерзімді тексеру мен жөндеуді Тұтынушымен жасалған жеке шарт негізінде жүргізеді.

Тұтынушы есептеу құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және тексеру бойынша жұмыстарды жүргізу үшін мамандандырылған ұйымды өзі таңдауға құқылы.

12. Тараптар өздерінің теңгеріміндегі есептеу құралдарын тиісті метрологиялық стандарттармен көзделген мерзімдерде өз қаражатына метрологиялық тексеруден өткізеді.

Тараптар талап етуші жақтың қаражатына қосымша тексеріс жүргізуді талап ете алады.

13. Жеткізушінің жеткізген және Тұтынушының қабылдаған жылу энергиясының мөлшері есептеу құралдарының көрсеткіштері бойынша анықталады. Тұрмыстық тұтынушының есептеу құралы болмаған жағдайда реттелетін коммуналдық қызметтерді есептейтін құралдары жоқ тұтынушылар үшін төлемнің көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігімен бекітілген нормалар бойынша анықталып, Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітіледі.
14. Жылу энергиясын босатуды есептеу тараптардың теңгерімдік тиесілігін бөлу шекарасында жүргізіледі, егер шартта басқасы қаралмаған болса. Есептеу құралы тараптардың теңгерімдік тиесілігін бөлу шекарасында орналаспаған жағдайда бөлу шекарасынан бастап есептеу құралдары орнатылған жерге дейінгі желі учаскесіндегі ысыраптар аталмыш желі учаскесі орналасқан теңгерім иесіне қатысты болады. Жылу ысыраптарын есептеуді немесе жылу ысыраптарын сынауды энергия беруші ұйым Тұтынушымен бірге жүргізеді.
15. Тұтынушылардың меншігінде, оның ішінде тұтынушылардың ортақ меншігінде жатқан құрал-жабдықтардың техникалық жағдайы үшін жауапкершілік және жылу желілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұтынушыларға жүктеліп, теңгерімдік тиесілік шекарасы бойынша анықталады. Жылу энергиясы есептеу құралдарының сақтығы үшін жауапкершілік оның иесіне жүктеліп, теңгерімдік тиесілік шекарасы бойынша анықталады.

Кондоминум басқармасының органы жылу тұтыну құрылғыларына қызмет көрсетуді өзі немесе мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт бойынша жүргізе алады.

16. Есептеу құралы істен шыққан жағдайда энергиямен жабдықтаушы ұйым аталмыш кезеңдер үшін есеп айырысуды есептеу құралы жоқ тұтынушыларға арналған жылумен

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

жабдықтау бойынша тұтыну нормасына сай жүргізеді, бірақ есеп айырысу бір айдан аспайтын уақыт ішінде қалпына келтірілуі тиіс. Есептеу құралын аталмыш мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда есепті қалпына келтірудің тәртібі мен мерзімдері тараптардың жеке келісімшартымен бекітілуі тиіс. Үшінші тұлғалармен есептеу құралдары ұрланған немесе істен шыққан болса, олардың сақтығы үшін жауапты тұлға бір айдың ішінде есептеу құралын қалпына келтіруі тиіс, егер басқасы Шартпен көзделмеген болса. Есептеу құралын қалпына келтіргенге дейін Тұтынушы оны жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

5-бөлім. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Тұтынушы:

1) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтерді сатып алуға;

2) осы Шартпен белгіленген көлем мен мерзімде бекітілген сападағы қызметті алуға;

3) тараптардың келісімі бойынша тұрмыстық тұтынуға және кәсіпкерлік мақсатта қажетті мөлшерде жылу энергиясын алуға;

4) Шартпен белгіленген кәсіпкерлік мақсаттарға тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін өзгертуге;

5) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес Жеткізушіден тарифтердің (баға, алымдар мөлшерлемесі) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгергені туралы ақпаратты алуға;

6) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдегі өндіріспен байланысты қызметтерді жүзеге асыру кезінде үздіксіз жылу энергиясын алуға;

7) Жеткізушіден жасалған шарттың талаптарына сәйкес сапасыз жылу энергиясын жеткізу немесе толығымен жеткізбеу салдарынан болған нақты шығынды өтеуді және жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметті төлеу бойынша қайта есептеуді талап етуге;

8) Жеткізушіден сыртқы ауа нақты температурасының есебімен жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметті төлеу бойынша қайта есептеуді талап етуге;

9) Шарттың жасалуы және орындалуымен байланысты даулы сұрақтарды шешу үшін уәкілетті және (немесе) сот органдарына жүгінуге;

10) жария тыңдауларға қатысуға;

11) Жеткізушінің ұсынған қызмет көлемі бойынша толық төлемді жасаумен және Жеткізушіге алдын ала хабарлаумен Шартты бір тараптан бұзуға;

12) Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарға ие болуға;

13) Жеткізуші нақты ұсынған қызметтер үшін төлемақыны жасап, отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей Жеткізушіге жазбаша түрде хабарлап, бір тараптан Шартты бұзуға құқылы. Сондағы жылыту жүйесі көп пәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің жартысы болып

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

табылатын жеке үй-жайдың меншік иесіне жылу энергиясымен жабдықтауға арналған Шарттан бір тараптан бас тартуға жол берілмейді.

18. Тұтынушы:

1) Шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау бойынша Жеткізушісі ұсынған қызметтің ақысын толық көлемде және уақтылы төлеуге;

2) Жеткізушіге есептеу құралының істен шыққаны немесе жұмыс тәртібі мен талаптарының бұзылғаны туралы тез арада жазбаша түрде хабарлауға, басқа жағдайда, тиісті құжаттармен расталған есептеу құралының соңғы тексерілген күнінен бастап істен шыққан болып есептелінеді;

3) пайдаланылатын желілер, құралдар мен қондырғылардың тиісті техникалық жағдайы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, энергияны тұтынудың бекітілген тәртібін сақтауға, сондай-ақ энергияны пайдалану барысында туындайтын апаттар, өрттер мен басқа да бұзушылықтар туралы Жеткізушіге тез арада хабарлауға;

4) жылу тұтыну құрылғыларын пайдалануға енгізбес және әрбір жылыту маусымынан бұрын Жеткізуші берген техникалық дайындық актісін ресімдеу үшін іс-шаралар кешенін жүргізуге, алайда жоспарлы жөндеу, аппаттық-қалпына келтіру жұмыстарын қоспағанда;

5) желілердің, құралдардың және қондырғының қауіпсіздігі мен техникалық жағдайын бақылауды жүзеге асыру үшін жылу тұтыну құрылғылары мен жылу энергиясын есептеу құралдарына Мемлекеттік энергияны бақылау органы мен Жеткізушінің өкіліне еш бөгетсіз рұқсатты қамтамасыз етуге;

6) Шартты бұзған жағдайда Жеткізушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынған нақты қызметтері үшін есеп айырысуларды салыстырып, борышты өтеуге міндетті.

19. Жеткізуші:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №211 бұйрығымен бекітілген Жылу энергиясын пайдаланудың ережелеріне (Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10234 тіркелген) сәйкес Тұтынушылар міндетті түрде сақтауы тиіс техникалық талаптарды белгілеуге;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №211 бұйрығымен бекітілген Жылу энергиясын пайдаланудың ережелерімен (Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10234 тіркелген) белгіленген тәртіпте есептеу құралдарын тексеруді ұйымдастыруды және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге;

3) осы Шарттың 7-тармағымен көзделген жағдайлар мен тәртіпте Шарттың орындалуын бір тараптан тоқтатуға;

4) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтер үшін төлемді алуға;

5) уәкілетті орган бекіткен тәртіпте тарифтер әрекет ететін кезеңде жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттелетін қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасымен бекітілген басқа әрекеттерді жасауға құқылы;

20. Жеткізуші:

1) жылу энергиясымен жабдықтау қызметтерін тұтынушылардың барлығына тең шарттар бойынша ұсынуға;

2) Тұтынушымен жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынылатын қызметке шарт жасасуға;

3) жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынылған қызметтерге, оның ішінде заманауи ақпараттық-техникалық құралдарды пайдалана отырып, Тұтынушыдан төлемдерді қабылдауды қамтамасыз етуге;

4) жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтерді ұсынуға шартты жасасу кезінде Тұтынушылар құқықтарының бұзылуын болдырмауға;

5) Жылу желілерінің теңгерімдік тиесілігін бөлу шекарасында осы Шартпен көрсетілген жылу энергиясының параметрлерін ұстап тұруға;

6) Шарттың талаптарымен анықталған мерзімде және тәртіпте, сондай-ақ мемлекеттік органдар өз құзіреті шеңберінде бекіткен сапаға қойылатын талаптарға сәйкес Тұтынушыға жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметті ұсынуға;

7) Жылумен жабдықтау бойынша қызмет ақысына қайта есептеу жүргізуге және осы шарттың талаптарына сәйкес сапасыз жылу энергиясын жеткізумен немесе толығымен жеткізбеу салдарынан болған нақты шығынды өтеуге, уәкілетті орган бекіткен сыртқы ауаның нақты температурасы есебімен жылумен жабдықтау бойынша қызметтер құнына қайта есептеу жүргізу әдістемесіне сәйкес сыртқы ауаның нақты температурасы есебімен жылу энергиясымен жабдықтау қызметтерінің құнына қайта есептеу жүргізу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға;

8) Тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясы сапасына есептеуді және бақылауды жүргізуге, сапалы жылу энергиясының бұзушылықтарын жою және алдын алу үшін уақтылы шараларды қабылдауға;

9) Тұтынушы жылу энергиясы сапасының төмендігі туралы ауызша жүгінген күннен немесе жазбаша өтініш берген күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде сапаны қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдап, одан әрі қайта есептеу жүргізуді орындауға;

10) осы Шартпен көзделген басқа жағдайларды қоспағанда жылу энергиясымен жабдықтауда үзілістерді болдырмауға;

11) есептеу құралының істен шығуына Тұтынушы кінәлі болмаған жағдайда жылу энергиясы үшін есеп айырысуды Тұтынушы өткен жылдың осы кезеңінде жұмсаған орташа тәуліктік шығыны бойынша жүргізуге;

12) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасымен белгіленген мерзімдерде тұтынушыға тарифтердің (баға, алымдар мөлшерлемесі) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгергені туралы ақпаратты жеткізуге;

13) Қазақстан Республикасы Салық заннамасына тиісті өзгертулер енгізілгенде

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Тұтынушыларға арналған жылу энергиясы тарифтерін уәкілетті органмен бекітілген тәртіпте төмендетуге;

14) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдегі өндіріспен байланысты қызметтерді жүзеге асыру кезінде Тұтынушыға жылу энергиясын үздіксіз ұсынуға;

15) жылу энергиясын есептеу құралдарының көрсеткіштерін тұтынушының өкілдерінің қатысуымен жазып алуға, немесе энергия беруші ұйым өкілдері тұтынушы өкілдерінің қатысуымен көрсеткіштерді жазып алуын қамтамасыз етуге, немесе есептеу құралдарының көрсеткіштерін қашықтықтан алуға міндетті.

6-бөлім. Тараптарға қойылатын талаптар

21. Тұтынушыға инженерлік желілерді қайта жабдықтауға, Жеткізуші келісімісіз реттеу және бекіту арматурасын орнатуға, қосуға, қауіпсіз пайдалану талаптарына және энергетика саласындағы нормативтік құжаттармен бекітілген басқа да талаптарға сай келмейтін жабдықтар мен құрылғыларды пайдалануға, жылу энергиясын есептеудің қолда бар сызбасын бұзуға, сондай-ақ жылыту жүйесіндегі жылу тасымалдағыштарды тікелей емес мақсатта пайдалануға жол берілмейді;
22. Тараптарға Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасын бұзатын немесе тараптардың құқықтарын шектейтін әрекеттерді жасауға тыйым салынады.
23. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге талаптармен толықтырылуы мүмкін.

7-бөлім. Есеп айырысу тәртібі

24. Тұтынушы Жеткізушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтеріне Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша төлем жүргізеді
25. Жеткізушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша нақты ұсынған қызметтері үшін төлемақыны Тұтынушы есеп айырысу айынан кейінгі келесі айдың 25-нен кешіктірмей есептеу құралдарының көрсеткіштеріне сәйкес жүргізеді. Есептеу құралдары болмаған жағдайда Тұтынушы төлемақыны осы Шарттың 13-тармағына сәйкес жүргізеді.
26. Алдыңғы кезеңдер үшін борыш болған жағдайда төлемақы ең алдымен осы борышты өтеуге жіберіледі. Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін нақты сомадан асатын төлемді жасаған жағдайда, осы артық сома айырмашылығы автоматты түрде келесі есеп айырысу кезеңінің аванс төлемқұжатына есептелінеді (немесе тараптардың келісуі бойынша Тұтынушының Жеткізуші алдындағы басқа міндеттемелері бойынша борышты өтеу есебіне аударылады, егер де бұндай болса). Егер Тұтынушы келесі есеп айырысу кезеңінде Жеткізушінің қызметтерінен бас тартса, артық төленген сома қайтарылады.
27. Егер коммерциялық есептеу құралдарының ақауы салдарынан және басқа да жағдайлардың нәтижесінде шотқа түзетулер енгізу қажет болғанда, Тараптар шотқа келесі есеп айырысу кезеңдерінде түзетулерді енгізеді.
28. Жеткізушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтерін төлеу бойынша Тұтынушы міндеттемелерінің орындалуы болып төлем құжатында көрсетілген реквизиттер бойынша Жеткізушінің ағымдағы шотына ақшаның аударылуы саналады.

8-бөлім. Дауды шешу тәртібі

29. Жылу энергиясын беруді тоқтату уақыты, сондай-ақ оның сапасының нормативті-техникалық құжаттамаға сай келмеуі Жеткізушінің диспетчерлік қызмет журналында

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

уақыты (күні, сағаты) көрсетіліп, кейін жылу энергиясын тиісті (тиісті емес) сапамен қайта беруді бастау уақытын (күні, сағаты) көрсетумен белгіленуі тиіс.

30. Тұтынушы сапасы тиісті емес жылу энергиясын беру немесе берудегі үзілістер болған жағдайда, бұл туралы Жеткізушіге өзі (өтініммен) немесе телефонограмманы берген және қабылдаған тұлғаның тегін, берген уақытын, күнін міндетті түрде көрсетіп хабарлайды. Телефонограммада көрсетілуі тиіс: тауар сапасының төмендеуі (жоқтығы) басталған уақыт, төмендеудің сипаттамасы және Жеткізуші өкілінің қатысу қажеттілігі (егер жылу энергиясы сапасының төмендеуі немесе Жеткізушінің оны беруде үзіліс жасауы журналда тіркелген болмаса). Тұтынушы өзі келіп жүгінген жағдайда келіп түскен өтінімнің тіркеу нөмірі, күні және уақыты, Жеткізуші өкілінің қолы қойылған көшірмесі болуы тиіс. Өтінім жылумен жабдықтау тоқтатылғанда - дереу, параметрлер төмендегенде - ауытқулар басталған сәттен бастап бір тәулік өтпей беріледі. Жеткізуші өтінімде (телефонограммада) көрсетілген журналдағы тауар сапасының ауытқулары, оны Тұтынушыларға беру кезінде болған үзілістер туралы белгілерді салыстырады да, даулы сәттер болмағанда, тауардың құнына оның нақты тұтынылуына сай, параметрлердің есеп айырысудан орташа тәуліктік ауытқуына орай қайта есептеу жүргізеді.
31. Жеткізуші жылу энергиясын бермеу немесе төмен сапалы тауарды (жылу энергиясын) ұсыну дерегін куәландырудан бас тартқан жағдайда Тұтынушы жазбаша өтініш беріп, онда мыналарды көрсетуге құқылы: тауарды беруден бас тартудың (ажырату) немесе оны сапасыз жеткізудің басталу уақытын; тауар сапасының төмендеуін сипаттау; өтінімді беру уақыты мен оны тіркеу нөмірі (Жеткізуші журналы бойынша); жылу энергиясын беруді қалпына келтіру уақыты (оның сапасын қалыпқа келтіру); тауардың болмау (сапаның төмендеу) кезеңі. Өтінішке Тұтынушы, Тұтынушының жылу шаруашылығы үшін жауапты тұлға, екі тәуелсіз куәгер қол қойып, ол Жеткізушіге жолданады. Дау реттелмеген жағдайда Тұтынушы атомдық энергия мен электр энергетикасын пайдалану саласында басшылықты жүзеге асыратын органдарға жүгінуге немесе сотқа арыз беруге құқылы.
32. Тұтынушы желі суын өздігінен ағызып алған, жылу тұтыну құрылғыларын өздігінен қосып алған, коммерциялық есеп құралдарын зақымдаған, есептеу түйінінде бекітілген пломбыны бұзған немесе алып тастаған жағдайда, энергия беруші ұйым және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйым актіні құрып, тұтынушы пайдаланған жылу энергиясы көлеміне екі есе қайта есептеу жүргізеді. Ыстық су бойынша қайта есептеу бір жылдан аспайтын мерзімге жасалынады, ал жылыту жүйелері үшін жылыту маусымының басынан бастап осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген жағдайлар орын алған сәтке дейін жүргізіледі. Акті энергия беруші ұйым өкілі мен тұтынушының, немесе оның өкілінің қолы болғанда ғана әрекет етеді. Егер де акті энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымның және (немесе) кондомиум басқармасы органының құрамы кемінде үш адамнан тұратын комиссиясымен ресімдеген болса, тұтынушы немесе оның өкілі қол қоюдан бас тартқан жағдайда да акті әрекет етеді.

9-бөлім. Тараптардың жауапкершілігі

33. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.
34. Шотты төлеу мерзімі келген сәтте төлемегені үшін (Шарттың 29-тармағымен көзделген жағдайлардан басқа), Жеткізуші Тұтынушының төлемеген сомалары бойынша ақшалай міндеттемелерді нақты орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкімен бекітілген қайта қаржыландырудың 1,5 есе мөлшерлемесінен аспайтын көлемінде төлемді созған әрбір күн үшін негізгі қарыздың сомасынан аспайтын айыппұлды есептеуге құқылы. Айыппұлдың көлемін бекіту Шартты жасау кезінде жүргізіледі. Айыппұлды есептеу мерзімінің басы есеп айырысу кезеңінен кейінгі келесі айдың бірінші

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

күні болып табылады, егер де тараптардың келісуімен басқасы ескерілмеген болмаса.

35. Жеткізушімен шарттық қатынастарда тұратын үшінші тұлғалардың кінәсінен Жеткізуші жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметті Тұтынушыға ұсынуы мүмкін болмаған жағдайда Тұтынушының алдында Жеткізуші жауапты болады.
36. Айыппұлды төлеу талаптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10-бөлім. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

37. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісті түрде орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан болғанда ғана тараптар жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда екі тарап та шығындардың өтемақысын талап етуге құқысыз. Кез келген тараптың талабы бойынша өзара міндеттемелерді орындауды анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Сондағы еңсерілмейтін күш (дүлей апат немесе сақтануға немесе алдын алуға мүмкіндік жоқ өзге де жағдайлар), сонымен қатар әскери іс-әрекет, ереуіл және т.б. жағдайлар басталған күнге дейін туындаған Шарт бойынша міндеттемелерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған жағдайда Тараптар бұл туралы бір-бірін осы жағдайлар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді және де кейіннен Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымымен расталған еңсерілмейтін күш басталған күн мен жағдайларын сипаттауды анықтайтын жазбаша хабарламаны табыстайды немесе пошта арқылы жолдайды.

38. Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелері еңсерілмейтін күш жағдайлары, алайда бұндай жағдайлар Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін деңгейде ғана әрекет ететін мерзімге тоқтатуға болады. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары тағы үш немесе одан да көп ай жалғасатын болса, кез келген Тарап шартты болжамалы бұзу күніне дейін жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей келесі тараптың алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Сондағы Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндетті.

11-бөлім. Жалпы ережелер мен дауларды шешу

39. 39. Жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсету Шарты Тұтынушымен жеке-дара тәртіпте жасалады.
40. Шарттың қандай да ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда немесе Шарт ережелеріне қатысты қандай да бір мәселелер немесе әрекеттермен байланысты туындаған даулар немесе келіспеушіліктер болған жағдайда кез келген Тарап келесі тарапқа даудың мәнін толығымен мазмұндап кінәрат-арызды жолдауға құқылы. Тараптар келіссөздер жүргізу жолымен барлық дауларды реттеу үшін барлық күш-ынталарын салады.
41. Келісімге келе алмаған жағдайда Шарт бойынша туындаған даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сот тәртібінде шешіледі. Тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге жағдайларда Шартты бұзуға құқықтары бар.
42. Шарттан туындайтын тараптардың қатынастары және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
43. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әр тарапқа бір данадан құрылады.
44. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік шарт пен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа талаптармен толықтырылуы мүмкін. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге арналған шарт Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

және оны тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

12-бөлім. Шарттың қолданылу мерзімі

45. Шарт оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы «31» желтоқсанда қоса есептеген мерзімге дейін қолданылады.
46. Шарттың әрекет ету мерзімі жылу энергиясының көлемін нақтылап, белгілі мерзімге ұзартылады, егер де тараптардың бірі бұл туралы Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін отыз күнтізбелік күн бұрын хабарлаған болса. Шарт мерзімінің ұзартылуы Шартқа арналған қосымша келісіммен ресімделеді. Тараптардың бірі мерзім аяқталған соң шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініш білдірмеген жағдайда ол шартпен көзделген мерзім мен талаптар бойынша ұзартылған болып есептелінеді.

13-бөлім. Тараптардың зандық мекенжаый, банк реквизиттері мен қолдары

Жеткізуші: «Павлодарэнергосбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

П/и S03H4K6, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Кривенко к-сі, 27, байланыс орталығы 903-309, Заңды тұлғаны мем. тіркеу туралы 2011 ж. 28.10-дағы куәлік №17328-1945-ЖШС, ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы 2012 ж. 02.07-дегі куәлік сериясы 45001 №0003249, БСН 990140002737, ЖСК KZ076010241000024210, «Қазақстан Халық банкі» АҚ ПОФ, БСК HSBKKZKX.

Тұтынушы: Павлодар обысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 111 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,

S03G0F5, Қазақстан Республикасы,Павлодар қаласы, Камзин, көшесі, 80/1 үй, тел. 61-41-16, email: yasli@mail.ru

БСН 990340006360,

ЖСК KZ346010241000032260, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

БСК HSBKKZKX

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Жеткізуші / Поставщик

_____

мо

2025-05-26 11:10:22
Крухмалёва Наталья Касымовна
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің "Павлодар қаласының № 111 сәбилер бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Коммунальное государственное казенное предприятие "Ясли-сад № 111 города Павлодара" отдела образования города Павлодара, управления образования Павлодарской области

2025-06-13 15:37:03
Альханов Бауржан Мурат-Ханович
"Павлодарэнергосбыт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Товарищество с ограниченной ответственностью "Павлодарэнергосбыт"

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2025 қаржылық жыл												
	Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің "Павлодар қаласының № 111 сәбилер бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге ыстық суды (жылу энергиясын) бөлу бойынша қызмет көрсетулер	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттелктерге жылы суды (жылу қуатын) тарату, бөлу бойынша қызметтер.	жылу энергиясымен қамтамасыз ету қызметтері	Бір қызмет	1	6 990 888.00	шарт жасалған сәттен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін	шарт жасалған сәттен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін	Павлодар облысы, Павлодар қ. ул. Камзина 80\1 (1)	0	6 990 888.00

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Договор № 4284

на оказание услуг по снабжению тепловой энергией

г. Павлодар **«01» января 2025г.**

Товарищество с ограниченной ответственностью «Павлодарэнергосбыт», свидетельство о государственной регистрации юридического лица №17328-1945-ТОО от 28.10.2011 года в лице заместителя генерального директора по сбыту Альханова Б.М., действующей на основании Доверенности №Д-64 от 25.11.2024 г., именуемое в дальнейшем Поставщик, с одной стороны, и пользователь услугами **Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли-сад № 111 города Павлодара» отдела образования города Павлодара управления образования Павлодарской области** в лице руководителя Крухмалевой Н.К., действующей на основании Устава/Положения, именуемая в дальнейшем Потребитель с другой стороны, вместе именуемые Стороны, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

Глава 1. Основные понятия, используемые в Договоре

1. В Договоре используются следующие основные понятия:

расчетный период – период времени (календарный месяц), определяемый договором на теплоснабжение, за который потребленная тепловая энергия учитывается и предъявляется к оплате Потребителю;

расчет за тепловую энергию – оплата Потребителя за потребленную тепловую энергию по истечении расчетного периода на основании предъявленного Поставщиком платежного документа;

система теплоснабжения – комплекс, состоящий из теплопроизводящих, теплопередающих и теплопотребляющих установок;

теплопотребляющая установка – устройство, предназначенное для использования тепловой энергии, теплоносителя для нужд Потребителя тепловой энергии;

тепловая сеть – совокупность устройств, предназначенных для передачи,

распределения тепловой энергии;

теплоноситель – вещество (вода, пар), используемое в системе

теплоснабжения для передачи тепловой энергии;

тепловая энергия – энергия, передаваемая теплоносителем, при потреблении которой изменяются термодинамические параметры теплоносителя (температура, давление);

поверка средства измерений – совокупность операций, выполняемых государственной метрологической службой или другими аккредитованными юридическими лицами в целях

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

